АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«АСТАНА ДАРЫНЫ» ДАРЫНДЫ
БАЛАЛАР МЕН ТАЛАНТТЫ
ЖАСТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ
ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ»

«ЦЕНТР ПО ВЫЯВЛЕНИЮ И
ПОДДЕРЖКЕ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ
И ТАЛАНТЛИВОЙ МОЛОДЁЖИ
«АСТАНА ДАРЫНЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

010000, Астана қаласы, «Нұра» ауданы,
Қабанбай батыр даңғылы 33, тел: +7 (7172) 250-326
e-mail: astanadaryn@mail.ru

010000, город Астана, район «Нура»,
пр. Кабанбай батыра 33, тел: +7 (7172) 250-326
e-mail: astanadaryn@mail.ru

10.11.2025 № 698/02-03

Астана қаласы
мектепке дейінгі білім беру
мекемелерінің меңгерушілеріне

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес **Ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларға арналған "Сәулелі тастар" қалалық ұлттық ойын жарысы** (бұдан әрі – Жарыс) 2026 жылдың ақпан айында №61 «Шолпан» балабақшасымен бірлесіп өткізетіндігін хабарлаймыз.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Жарыс бекітілген Ереже талаптарына сәйкес өтеді.

«Сәулелі тастар» (Бестемше) ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 10 отау, 50 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, бес отау және 25 құмалақтан тиесілі. Құмалақтар әр отауға бес-бестен салынады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды.

Жарысқа қажетті құрал-жабдықтар

Сәулелі бестемше тақтасы (10 отау, 2 қазан).

50 тас (әр ойыншыға 25-25-тен).

Жарысқа Мемлекеттік және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік балабақшалар мен орталықтардан 2 қатысушыдан қатыса алады. Келесі сілтемелер бойынша 2026 жылдың 28 қаңтары күні сағат 15:00-ге дейін балабақша әдіскерлері тіркеу керек.

Мемлекеттік балабақшалар бойынша: https://forms.gle/U1EMjWuyCh9iEGh76

Жекеменшік балабақшалар бойынша: https://forms.gle/w6ZCNkeRSLAZZAcv6

Орталықтар үшін: https://forms.gle/T5qzATHXhgH49dMg7

Жарыстың қорытындысы «Астана дарыны» ДБмТЖАжҚО телеграм каналына қойылады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге берілетін I, II, III дәрежелі дипломдар, грамоталар, қатысушыларға сертификаттарды Jetistik.kz сайтынан қатысушының ЖСН арқылы жүктеп алуға болады, QR код құжатты растайды.

ЕСКЕРТУ: өтетін орны мен күні қосымша хабарланады. Міндетті түрде ерекше білім беруді қажет ететін бала қатысу керек. ЕРЕЖЕСІ хатпен қосымша берілді.

Басшы **Ж.Бейсенбаева**

Орындаған: Р.Есімханқызы

«Келісілді»
Астана қаласы әкімдігінің
№61 «Шолпан»
балабақшасы МКҚК
меңгерушісі
Ә.Ахмет _____

«30» _____ 2025 ж.

«Бекітемін»
«Астана дарыны» дарынды
балалар мен талантты
жастарды анықтау және
қолдау орталығының
басшысы
Ж. Бейсенбаева _____
«30» _____ 2025 ж.

ЕРЕЖЕ

Ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларға арналған "Сәулелі тастар" қалалық ұлттық ойын жарысы

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже мемлекеттік және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік балабақшалардың, шағын орталықтардың **Ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларға арналған "Сәулелі тастар" қалалық ұлттық ойын жарысы** (бұдан әрі – Жарыс) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді, мақсатын айқындайды.

1.2. Жарыстың ұйымдастырушысы – Астана қаласы әкімдігінің №61 «Шолпан» балабақшасы МКҚК. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының (бұдан әрі – Орталық) қолдауымен жұмыс жоспарына сәйкес өткізеді.

1.3. Жарыстың мақсаты – мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

- Балаларды логикалық-дамыту ойындарына тарту;
- Тәрбиеленушілердің шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету;
- Балаларды өз бетінше ережені сақтауға үйрету;
- Балалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

2. Жарысты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1. Жарысқа алдын ала тіркеуден өткен балалар қатыса алады.

2.2. Жарысқа мемлекеттік және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік балабақшалардан, шағын орталықтардан мектепалды даярлық топтар арасынан ерекше білім беруді қажет ететін балалар қатысады.

2.3. Жарыс Орталықтың жұмыс жоспарына сәйкес белгіленген мерзімде өткізіледі.
Жарыстың өтетін уақыты мен орны қосымша ақпараттық хатта көрсетіледі.

2.4. Жарыстың өту барысы

Бестемше ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 10 отау, 50 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, бес отау және 25 құмалақтан тиесілі. Құмалақтар әр отауға бес-бестен салынады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды.

Жарысқа қажетті құрал-жабдықтар

Сәулелі бестемше тақтасы (10 отау, 2 қазан).
50 тас (әр ойыншыға 25-25-тен).

2.5. Ойынның жалпы шарттары

Ойын екі ойыншы арасында өтеді. Жүріс ойыншылар тарапынан кезектесіп жүріледі. Жүрісті кімнің жасайтыны жеребемен немесе қарсыластардың келісімімен анықталады. Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен бар құмалақты қолға алып, біреуін орнына қалдырып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратамыз. Тарату сәтінде құмалақтар өз отауларымыздан асып кететін болса, қарсыластың отауына таратамыз. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақты жұп қылса сол отаудағы құмалақтар ұтып алынып, өз қазанымызға салынады. Егер соңғы құмалақ қарсыластың отауына түсіп, ондағы құмалақтың саны тақ болса немесе өз отауымызға түссе, құмалақ ұтып алынбайды. Жұп санды тасы бар отау – «жабық отау», тақ санды тасы бар отау – «ашық отау». Әр ойыншы өз отауын жабық, қарсыласының отауын ашық ұстауға тырысады. Барлық жүрістер аяқталғаннан кейін қазанында ең көп тас жинаған ойыншы **жеңімпаз** деп танылады. Жеңген ойыншыға 1 ұпай беріледі.

2.6. Бағалау критерийлері

- Ойын ережесін дұрыс орындауы;
- Тастарды таратудағы ұқыптылығы;
- Жылдамдығы мен ойлау шапшаңдығы;
- Тапсырманы берілген уақыт ішінде аяқтауы.

2.6. Қатысушыларға қажетті құралдармен балабақшалар өздері қамтамасыз етеді.

3. Жарыс қатысушыларына қойылатын талаптар

3.1. Балабақша педагогтері қатысушы балалармен Ережеге сәйкес дайындық жүргізеді.

3.2. Жарысқа қатысуға өтінім Google сілтемесі арқылы қабылданады.

3.3. Жарысқа қатысуға өтінім беру осы Ереженің шарттарын қабылдауға және жарыс шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады, сондықтан жарыс кезінде түсірілген бейнежазбалар мен фотоларға, оларды таратуға, сондай-ақ интернет желісінде трансляциялауға барлық құқықтар ұйымдастырушы орталықтарға тиесілі екенін ескертеміз. Балабақша меңгерушілері алдын-ала ата-аналарға осы жағдайларды ескерту керек.

4. Жарысты қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

4.1. Қазылар алқасының құрамы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласының мамандары мен жаттықтырушылардан және әдіскерлерден құралады.

4.2. Тәрбиеленушілердің орындаған жұмыстарына қазылар алқасының тарапынан қайта қарау (апелляция) қарастырылмайды.

4.3. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, I, II, III дәрежелі дипломдар, грамоталармен марапатталады. Оларды jetistik.kz сайтынан қатысушының ЖСН арқылы жүктеп алуға болады. QR-код құжаттың түпнұсқалығын растайды.

4.4. Жарыс қорытындысы «Астана дарыны» орталығының телеграм каналына қойылады.